# ЖЕРЛЕСІМІЗ ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ АТАНДЫ

Ағымдағы жылдың 13 желтоқсанында Елордамыз Астана қаласында ұлттық спорт түрі қазақ күресінен Әлем чемпионаты өткен болатын. Әлемнің әр




түкпірінен білекті де жүректі балуандар бас қосқан байрақты бәсекеде жерлесіміз Дәртаев Айдын Батырланұлы қарсыластарын айқын басымдықпен жеңіп, алтыннан алқа тақты.

Осы орайда, қазақ күресінен жауырыны жерге тимеген жампоз балуандардың мекенінен қанат қаққан спортшымызды барша аудан халқы атынан жаңа жетістігімен құттықтап, алдағы уақытта да биік белестерді бағындыруына тілектеспіз.

Сонымен қатар, 2022 жылдың 2-10 желтоқсан аралығында БАӘ Дубай қаласында классикалық пауэрлифтингтен өткен Азия чемпионатында жерлесіміз Зейнедилов Азат 59 келі салмақ дәрежесінде қола жүлдегер атанды. Спортшымызға және жаттықтырушысы Караман Абдулкаримге алдағы байрақты бәсекелеріне сәттілік тілеп, жеңіс тұғырынан көрінулерін тілейміз.

**Өз тілшімізден.**

Шет шұғыласы. - 2022. - 15 желтоқсан (№50). - 8 б.